ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 22 мамыр №7119-24-00-2/5636 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Алимбетов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Данияр» атынан - Конажанов Данияр Турсынович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Данияр» атынан - Конажанов Данияр Турсыновичке қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Данияр» атынан - Конажанов Данияр Турсынович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Данияр» атынан - Конажанов Данияр Турсыновичтен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Данияр» атынан - Конажанов Данияр Турсыновичтен Астана қаласы әкімдігінің «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 1826 (екі жүз сексен екі) теңге мөлшерінде айыппұл және 55 (елу бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.С.Алимбетов**

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 22.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.07.2024, судья Алимбетов А. С., 02.07.2024

7119-24-3-1/5045